

Тұрғын үй нарығын дамытуға мемлекеттік, жергілікті органдар, банктік қаржы ұйымдары, ірі кәсіпорындар және т.б. мекемелер өз үлестерін қосуда, ал олардың қызметінің нарықта ұтымды жүргізілуі экономикалық дамуға оң әсер береді және экономиканың басқа да салаларына өз ықпалын тигізеді.

Әдебиеттер

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы, 17 қаңтар 2014 ж.
2. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылы 27 қаңтар;
3. Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
4. Байгісиев М.Қ. «Жылжымайтын мүлік экономикасы», оқулық, Қазақ университеті, Алматы, 2003 – 130б.

А.М. Джумабаева

НЫНЕСННЕЕ СОСТОЯНИЕ И РАЗВИТИЕ РЫНКА НЕДВИЖИМОСТИ КАЗАХСТАНА

В статье рассматривается на сегодняшний день в Казахстане один из острых вопросов, затрагивающие интересы огромного количества людей, являются тенденции развития рынка недвижимости.

Ключевые слова: недвижимое имущество, государственная политика, доступное жилье, ипотека, сберегательный фонд.

A.M. Dzhumabaeva

IMPROVING OF MARKET OF THE REAL ESTATE OF KAZAKHSTAN IN PRESENT DAYS

In the article examined to date in Kazakhstan one of sharp questions, affecting interests of enormous amount of people, there are progress of property market trends.

Key words: real estate, public policy, accessible accommodation, mortgage, savings fund.

ӘОЖ 336.76.(574)

Жұмабаева А.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Андатпа

Мақалада Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамыту үшін шағын және орта бизнес сферасындағы экономикалық саясаттың жүзеге асуы негізінде туындайтын мәселелерді шешу жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: инновациялық әлеует, кәсіпкерлік, салық саясаты, экономикалық саясат, несие, кепілдік.

Шағын және орта бизнес – жеке және заңды тұлғаның өз күш-қабілетін танытуының, белгілі бір мақсаттарды жүзеге асырушының іс әрекетінің тиімді тәсілі. Ол адамдардың өзіне деген сенімін арттырады, іскерлігін қалыптастырады. Ел экономикасын дамытуда маңызды рөлге ие болатын шағын және орта бизнес екендігі баршамызға белгілі. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытпай, нарықтық экономиканы қалыптастыру мүмкін емес. Өйткені, бұл – нарықтық қатынастарды алға жетелеуші буын. Нарықтық экономика элементтерін енгізудің әрекеттері монополияландырылған ортаның қарсылығына тап болуда. Ал монополизмге қарсы күресудің тиімді жолдардың бірі – шағын және орта бизнесті дамыту. Шаруашылықты жүргізудің жаңа формаларын қолданбай еліміздің экономикасын жандандыру, халқымыздың әлеуметтік хал-ахуалын көтеру мүмкін емес. Нақты айтқанда, жұмыссыздықты жоюда, жалақы мен зейнетақыны уақытылы төлеуде, рынокты халыққа қажетті тауарлармен толтыруда, жеке өндірушілердің монополиясын шектеуде, депрессияны бастан кешіріп отырған жекелеген аудандарды қалпына келтіруде шағын кәсіпкерлікпен айналысу негізгі фактор болып табылады.

Кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға және бизнестің билікпен арадағы іс-қимылдарының жаңа моделін құруға бағытталған «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Кәсіпкерлердің белсенділігін ынталандыруды көздейтін айтарлықтай салықтық жеңілдіктер заңдық деңгейде қарастырылды.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде әрбір азаматтың кәсіпкерлікпен айналысуға құқығы бар. Алайда оны жүзеге асыру қоғам мүшелерінің кез-келгенінің қолынан келе бермейді. Сондықтан, осы белгілі фактор мемлекеттің экономикалық дамуындағы күре тамырына айналып отыр [1].

Қазіргі кезде жаңа принциптегі техника мен технология жасалынып, өндіріске кеңінен енгізілуде. Осының арқасында қоғамдық өндірісті дамытуда ғылымның рөлі арта бермек. Болашақтағы өндірістік қалдықты аз шығаратын немесе қалдықсыз технология болмақ. Бұл шикізатты үнемдеуге және экологияны таза ұстауға көмектеседі. Алдағы уақытта экономикасы дамыған 30 елдің қатарында болу үшін экономика білімі мен ғылымның негізінде дамуы тиіс. Өйткені, бүкіл әлем ғалымдары өз салаларының озық және ең тиімді жолдарын өндіріске енгізуге талпынуда. Себебі, дамудың тиімді жағының бірі, ол өндірісті ұйымдастырудың кластерлік даму формасының өзектілігі, осылай даму арқылы болғанын қалайды.

Қазақстан «Бизнесті жүргізу – 2012 (Doing Business)» рейтингіде 47-орынды иеленді. Қазақстанның инновациялық әлеуетінің бәсекеге қабілеттілігі 183 елдің арасында Дүниежүзілік Банктің бағалауы бойынша орта деңгейден төмен. Қазақстан экономикасы үшін үздік технологияларды пайдаланудың жеткіліксіздігі, басқарушылық тәжірибесінің төмен деңгейі, менеджерлердің басым көпшілігінің техникалық дағдысының шектеулігі, қаржы ресурстарының қолжетімсіздігі және түрлі әкімшілік кедергілермен сипатталады.

ШОБ-тің құрамдас бөлігінің бірі – бизнес инкубаторлары болып табылады. Бизнес инкубаторлар арқылы кәсіпкерлік ортаның дамуына ықпал ететін нарықтық инфрақұрылымның қалыптасуы орын алды. Қазіргі уақытта бизнес инкубаторлар 10 облыста құрылған. Жалпы елде 31 бизнес инкубаторлар қызмет атқаруда. Соңғы жылдары, бизнес инкубаторлар территориясында өндірістің түрлі саласында 200-ден астам кәсіпорындар әрекет етуде.

Елбасымыз орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту керектігі жайлы осы уақытқа дейінгі Үкімет құрамының барлығына дерлік тапсырма беріп келгені баршаға аян. Әр кезеңде билік басында болған Үкіметтеріміз дәл осы салаға қатысты мемлекет

басшысының тапсырмаларынан кенде болған жоқ. Десек те, тапсырманың орындалуы көңіл көншітпейді. Әлемнің барлық нарықтық мемлекеттерінде шағын және орта бизнес ұлттық экономиканың 70-80 пайызын еншілесе, ал бізде бұл сала әлі 20 пайызға жете қойған жоқ.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақ мерзімді басымдықтары белгіленген. Осы басымдықтың бесінші бағытында:

«Шағын және орта бизнесті дамыту – ХХІ ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы. Экономикамызда шағын және орта бизнестің үлесі артқан сайын Қазақстанның дамуы да орнықты бола түседі. Бізде шағын және орта бизнестің 800 мыңнан астам субъектісі бар, онда 2,4 миллионнан астам қазақстандық еңбек етеді. Бұл сектордағы өнім көлемі төрт жылда 1,6 есе өсті және 8,3 млрд. теңгені құрап отыр.

Жаһандық рейтингке сәйкес, Қазақстан бизнесті жүргізуге ең қолайлы жағдайы бар елдер тобына кіреді және біз бұл үрдісті өрістете түсуге тиіспіз. Шағын және орта бизнес – біздегі Жалпыға ортақ еңбек қоғамының берік экономикалық негізі. Оны дамыту үшін жеке меншік институтын заңнамалық тұрғыда нығайтатын кешенді шешімдер қажет. Бизнесті дамытуға кедергі келтіретін барлық енжар құқықтық нормалардың күшін жою керек. Шағын бизнес ұрпақтан-ұрпаққа берілетін отбасы дәстүріне айналуға тиіс.

Шағын бизнесті мамандандыруды келешекте оларды орта деңгейге көшіру перспективасымен дамыту шараларын қабылдау маңызды болмақ. Осы сектор субъектілерінің банкроттығының айқын тетіктерін енгізген жөн. Шағын және орта бизнес жаңа инновациялық кәсіпорындар төңірегінде дамуға тиіс. Елбасы Үкіметке индустрияландырудың екінші бесжылдығы жоспарын «Бизнес-2020» жол картасымен үйлестіруді тапсырды. Үкімет Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, жұмысын жаңа бастаған бизнесмендерге әдістемелік көмектің тиімді тетіктерін жасауы керек», – екенін нақтылай айтты [2].

Сонымен, соңғы кездері ШОБ-ті қолдауды және дамытуды реттейтін заңнамалық және нормативтік база құрылды. Кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың бұрынғы мемлекеттік бағдарламаларын талдау оларды іске асыру республикада кәсіпкерлік секторды қалыптастыруға және дамытуға оң әсер еткенін көрсетті. Нарықтық реформалар жылдарында кәсіпкерлік сектор қоғамда елеулі орынға ие болды. Ресми статистика деректері бойынша республикада осы сектор дамуының оң серпіні, ШОБ субъектілерінің тұрақты өсуі 2012 жылы 591,5 мың шағын кәсіпкерлік субъектілері есепке алынған, оларда шамамен 1,8 миллион адам жұмыс істейді. Шағын кәсіпкерлікте жұмыс істейтіндердің үлес салмағы жалпы санының 17,6%-ын құрайды. Шағын және орта бизнес саласында жұмыс істейтіндердің ең көп саны Оңтүстік Қазақстан облысында белгіленген – 237083 адам, Алматы қаласында – 216303 адам, Алматы облысында – 178874 адам. Ең азы Қызылорда облысында – 40785 адам.

Шағын және орта бизнес алдында тұрған проблемалардың жеткілікті екендігі анықталды және олар терең ғылыми ізденісті талап етеді. ШОБ-тің дамуына кері әсер ететін бірқатар факторларды былайша топтауға болады:

Қазақстан нарығында шағын кәсіпорындардың тиімді қызмет етуіне кедергі болып отырған мәселелердің бірі – салық саясаты. Қазақстандағы ШОБ-ті дамыту факторларын атайтын болсақ, онда мына төмендегі жағдайды көруге болады. Аталған мәселелерді салық заңнамасында шешу үшін мыналар қажетті болып келеді:

1. Жаңа өндірістік – инновациялық кәсіпорындарға салық салудың жеңілдетілген режимін енгізу;

2. Өндірістік сектордағы кәсіпорындардың несиені өтеу кезінде салық салу процедурасын қайта қарау;

3. Ынталандырушы салық режимін орындау жолымен шағын бизнеске жанама қаржылық талдау көрсету;

4. Салық саясаты шағын кәсіпкерлік субъектілер санының өсуін ынталандырушы, жұмыс орындарының өсуіне, өндірілген жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің экономикалық реттеушісі болуы керек.

Шағын бизнес субъектілерінің жұмысына кедергі болатын мәселелердің екінші түрі: жалпы экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы. Яғни, АҚШ доллары бағамының тез өзгеретіндігі, макроэкономикалық жағымсыз өзгеріс.

Шағын және орта бизнес субъектілері үшін қаржы және несиелік қолдау жүйелерін жетілдіру мақсатында «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама жаңа технологияларды, жаңа нарықты, инновациямен айналысатын және жаңа өнімді игеру тәуекеліне дайын динамикалы кәсіпкерліктің дамуына бағытталған.

Үшінші мәселе: кәсіпкерлер несиені алу кезінде туындайтын қиыншылықтар мәселесі. Шағын кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіріп отырған бұл мәселе субъектілердің өзінің инвестициялық және айналымдағы мұқтаждарын қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаржы ресурстарының жоқтығы болып табылады. Республика бойынша ШОБ субъектілерімен жүргізілген анонимді сауалнаманың мәліметтері бойынша, шағын бизнестің алдында тұрған ең негізгі мәселе – несиелік ресурстарға шығу жолының қиындығы.

Төртінші мәселе: шикізатпен қамтамасыз етілуі мен өнімді өткізуі. Өнімді өткізу кезінде қиыншылықтардың пайда болуының бірден-бір себебі – бәсекелестік ортаның жоғарылығы. Шағын кәсіпкерліктің дамуына кері әсер ететін басқа да факторлар шағын кәсіпкерліктің қызметін реттейтін қолданыстағы заңнамадағы нормалардың жетілдірілмеген және кей жағдайда нақты нормалардың болмауы болып табылады, бұл әкімшілік кедергілерді ұлғайтуға әкеледі [3, 81б.].

Шағын және орта кәсіпорындардың тиімділігі және артықшылығы – олар аса үлкен қаржыны керек етпейді. Шағын және орта бизнес халықтың әл-ауқатын арттырып, қосымша жұмыс орындарының ашылуына, жалақының уақытында төленіп отыруына себін тигізетіні сөзсіз. Бүгінгі Қазақстан жағдайында кәсіпкерліктің осы түрін дамытуға кеңінен жол ашылды. Соның бірі – шағын несиелендіру, оларды қаржылық ресурстармен, яғни, несиені қамтамасыз ету болып табылса, оларды несиелейтін екінші деңгейдегі коммерциялық банктердің жағдайына да тоқталған дұрыс. Бүгінгі күні отандық банктеріміздің барлық капиталының мөлшері әлемдегі ірі банктердің капиталынан жүз есе кем екендігін ескеретін болсақ, онда банктерге ең алғашқы кезекте өздерінің ресурстарын нығайту қажеттілігі туып отыр. Коммерциялық банктердің шағын бизнесті несиелеу механизмі мәселелеріне әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын әдістемелік нұсқауларды өндіру керек. Ал коммерциялық банктер экономиканың нақты секторын несиелеуі ұлттық экономиканың өсуіне қосқан үлесі болмақ. Олардың дамуы мемлекеттің, экономика агенттіктерінің шаруашылық өмірі үшін әрі тиімді де пайдалы.

Коммерциялық банктер көбінесе заңды тұлғаларды және қысқа мерзімді несиелеуді жақтайтыны – тарихи қалыптасқан жағдай. Алғашқы құрылу кезінде шағын бизнес несиесіз өз жұмысын атқара алмайды.

Қорытындылай келе, шағын кәсіпкерліктің табысты дамуы елдегі қолайлы әлеуметтік, экономикалық, құқықтық және саяси еркі қалыптасқанда ғана мүмкін болады. Өз кезегінде ерікті қолдау мен нығайту шағын және орта кәсіпкерліктің кең ауқымды дамуына жол ашады деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы, 17 қаңтар 2014ж.
2. 2010-2014 жылдарға арналған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның шағын және орта бизнесті тікелей қаржыландыру Бағдарламасы.
3. Кантарбаева А.К. Предпринимательство: Институционально-эволюционный подход. Алматы: Раритет, 2011 – 200б.

Джумабаева А.М.

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В КАЗАХСТАНЕ

В статье сообщается о том, что нужно решить проблемы предотвращения ошибок в реализации экономической политики в сфере малого и среднего бизнеса и мероприятий для развития предпринимательской службы.

Ключевые слова: инновационный потенциал, предпринимательство, налоговая политика, экономическая политика, кредит, гарантия.

Dzhumabaeva A.M.

THE DYNAMIC OF DEVELOPMENT OF SMALL AND MIDSIZE BUSINESSES IN KAZAKHSTAN

The article reports that we should solve problems of prevention mistakes in realization economic policy in the field of small-scale business and measures for developing enterprise service.

Key words: innovation potential, entrepreneurship, tax policy, economic policy, credit, guarantee.

УДК 631.145 (574)

Карымсакова Ж.К.

Казахский национальный аграрный университет

ОСНОВНЫЕ ИНДИКАТОРЫ РЫНКА ТРУДА АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация

Статья посвящена актуальной проблеме – безработице в Казахстане. Исследуются количественные и качественные показатели безработицы в регионе. Автор определил основные причины и особенности региональной безработицы.

Ключевые слова: Уровень безработицы, прирост населения, доход населения, заработная плата, прожиточный минимум, черта бедности

Алматинская область по ситуации, складывающейся на рынке труда, считается относительно благополучным регионом. Уровень безработицы в ней за последние три года варьировал в диапазоне 6,4-5,6%, что ниже на 0,2% пункта средне-казахстанского аналогичного показателя [1]. Тем не менее, наличие территориальных различий в